

**"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 6 мамырдағы N 113-ө  
Өкімі

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы Заңын (бұдан әрі - Заң) іске асыру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Заңды іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізісін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2005 жылғы 6 мамырдағы  
N 113-ө өкімімен

бекітілген

**"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі**

P/c N	Нормативтік-құқықтық кесімнің атауы	Кесімнің нысаны	Орындалу мерзімі	Орындалуына жауапты мемлекеттік орган
1	2	3	4	5
1	Материалдық қорлармен жабдықтау нормаларын және олардың санаттарын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары	2005 жылғы маусым	Қорғанысмині (шақыру), ИМ, ТЖМ, ҰҚК (келісім бойынша), РҰ (келісім бойынша), ПҚҚ (келісім бойынша)
2		Қазақстан Республикасы		

	Әскери - көлік міндеттілік туралы ережені бекіту туралы	Үкіметінің қаулысы	2005 жылғы маусым	Қорғанысмині (шақыру), ККМ, ПМ
3	Жергілікті әскери басқару органдары туралы ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2005 жылғы маусым	Қорғанысмині
4	Әскери мүлікті есепке алу және есептен шығару ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2005 жылғы маусым	Қорғанысмині
5	Қарулы Күштердің спорт саласында мамандандырылған мемлекеттік мекемелерінің, өздерінің жарғылық мақсатына сәйкес келетін және негізгі қызметіне жатпайтын қызметтер көрсету және мұндай қызметтерді іске асырудан түскен ақшаны пайдалану тәртібін айқындайтын ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2005 жылғы маусым	Қорғанысмині
6	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір кесімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2005 жылғы маусым	Қорғанысмині

Ескерту: реттік нөмірі 1-жолды іске асыру материалдық қорлармен жабдықтаудың барлық нормалары және санаттары бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекелеген қаулыларын бекіту жолымен жүзеге асырылатын болады.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ІІМ - Ішкі істер министрлігі

Қорғанысмині - Қорғаныс министрлігі

ККМ - Көлік және коммуникация министрлігі

ТЖМ - Төтенше жағдайлар министрлігі

ҰҚК - Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Р Ұ - Республикалық ұлан

ПКҚ - Президенттің күзет қызметі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК